

**САЯСИ ҒЫЛЫМДАР ПРОБЛЕМАЛАРЫ  
ПРОБЛЕМЫ ПОЛИТИЧЕСКОЙ НАУКИ  
PROBLEMS OF POLITICAL SCIENCE**

GTAMP: 11.15.31

DOI: 10.51889/2959-6270.2024.88.4.001

Б.Қылышбекқызы<sup>1</sup>, Е.К. Алияров<sup>2</sup>, М.М. Нуров<sup>3\*</sup>

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

<sup>2</sup>Қазақстан гуманитарлық-саяси конъюнктура орталығы,  
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

<sup>3\*</sup>Тұран университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы  
\*e-mail: markhabbatnur@gmail.com

**«ҚАҢТАР ОҚИҒАСЫНЫҢ» НЕГІЗГІ СЕБЕПТЕРІ МЕН АЛҒЫШАРТТАРЫ**

*Аңдатпа*

Мақалада Қазақстан Республикасындағы 2022 жылғы қаңтардағы қайғылы наразылықтардың алғышарттары болған әлеуметтік-саяси тенденциялар қарастырылады. Онда 2019 жылдан бері елдің саяси өмірінде орын алған негізгі оқиғалардың себеп-салдарлық байланыстарына баса назар аудара отырып, жан-жақты талдау ұсынылады. Бұл кезең ең жоғары билік элитасының транзиті және қоғамдық сананың өзгеруіне байланысты жаңа қоғамдық-саяси құрылымның пайда болуын білдіреді. Зерттеу наразылық қозғалыстарының себептерін қарастырады және саяси, экономикалық және әлеуметтік мәселелердің жүйеге қарсы протекционистік көңіл-күйдің өсуіне қалай ықпал еткенін көрсетеді.

Зерттеу жұмысы барысында Қазақстандағы қоғамдық-саяси наразылықтар «Қаңтар оқиғасының» себебі тұрғысынан қарастырылып, олардың динамикасы мен географиясы белгілі бір уақыт аралығын қамтитын процес ретінде негізделеді. Бұлай белгілі бір уақыт аралығын белгілеуіміз мәселеге нақты фокус қоюға және қаңтар оқиғасын зерттеудің методикасын айқындауға көмектеседі. Сол секілді, «Қаңтар оқиғасы» елдегі қиын эконо-микалық жағдайлардан туындайтын протесттік көңіл-күйдің нәтижесі ғана емес, сонымен бірге елдегі либеральдық құндылықтардың тоқырауынан туындаған дағдарыс ретінде қарастырылды.

Қорытындылай келе, мақалада Қазақстандағы саяси наразылықтардың табиғаты мен құбылысын түсінуге талпыныстар жасалып, әрі қарайғы саяси шиеленістердің алдын алуға бағытталған ұсыныстар әзірленді. Бұл тұжырымдар Қазақстандағы саяси процестердің эволюциясын және олардың мемлекеттің тұрақтылығы мен демократиялануына әсерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

**Түйін сөздер:** Қазақстан, Қаңтар оқиғасы, саяси кризис, демонстрациялар, митинг, шектеу шаралары.

*B. Kylyshbekkyzy<sup>1</sup>, E.K. Aliyarov<sup>2</sup>, M.M. Nurov<sup>3\*</sup>*

<sup>1</sup>*Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

<sup>2</sup>*Kazakhstan center of humanitarian and political trends, Almaty, Kazakhstan*

<sup>3</sup>*Turan University, Almaty, Kazakhstan*

**MAIN CAUSES AND PRECONDITIONS OF THE «JANUARY EVENT»**

*Abstract*

This article examines the socio-political trends that served as the preconditions for the tragic protests in the Republic of Kazakhstan in January 2022. It offers a comprehensive analysis of key developments in the country's political landscape since 2019, focusing on their causal relationships.

This period marks the emergence of a new socio-political structure, driven by changes in leadership and shifts in public consciousness. The study explores the triggers behind the protest movements, highlighting how political, economic, and social challenges contributed to growing protectionist and anti-establishment sentiments.

In the course of the research, socio-political protests in Kazakhstan are considered from the point of view of the cause of the «January events», their dynamics and geography are justified as a process covering a certain period of time. Thus, setting a certain time interval will help us to focus clearly on the problem and determine the methodology for studying the January event. Similarly, the «January event» was viewed not only as a result of protectionist sentiments stemming from the difficult economic conditions in the country, but also as a crisis caused by the stagnation of liberal values in the country.

In conclusion, the article attempts to understand the nature and phenomenon of political protests in Kazakhstan and developed recommendations aimed at preventing further political tension. These insights provide a deeper understanding of Kazakhstan's evolving political processes and their implications for the stability and democratization of the state.

**Keywords:** Kazakhstan, January event, political crisis, demonstrations, rally, restrictive measures.

*Қылышбекқызы Б.<sup>1</sup>, Алияров Е.К.<sup>2</sup>, Нуров М.М.<sup>3\*</sup>*

<sup>1</sup> *Казахский национальный университет им. аль-Фараби, г. Алматы, Республика Казахстан*

<sup>2</sup> *Казахстанский центр гуманитарно-политической конъюнктуры,  
г. Алматы, Республика Казахстан*

<sup>3</sup> *Университет «Туран», г. Алматы, Республика Казахстан*

## ОСНОВНЫЕ ПРИЧИНЫ И ПРЕДПОСЫЛКИ «ЯНВАРСКОГО СОБЫТИЯ»

### *Аннотация*

В статье рассматриваются социально-политические тенденции, которые послужили предпосылками для трагических протестов в Республике Казахстан в январе 2022 года. В ней предлагается всесторонний анализ ключевых событий, произошедших в политической жизни страны с 2019 года, с акцентом на их причинно-следственные связи. Этот период знаменует собой появление новой социально-политической структуры, обусловленной сменой руководства и сдвигами в общественном сознании. В исследовании рассматриваются причины, стоящие за протестными движениями, и подчеркивается, как политические, экономические и социальные проблемы способствовали росту протекционистских настроений, направленных против системы.

В ходе исследовательской работы общественно-политические протесты в Казахстане рассматриваются с точки зрения причины «январских событий», их динамика и география обосновываются как процесс, охватывающий определенный промежуток времени. Таким образом, установление определенного временного интервала поможет нам четко сфокусироваться на проблеме и определить методику изучения январского события. Точно так же, «январское событие» рассматривалось не только как результат протекционистских настроений, вытекающих из сложных экономических условий в стране, но и как кризис, вызванный застоём либеральных ценностей в стране.

В заключение в статье были предприняты попытки понять природу и феномен политических протестов в Казахстане и выработаны рекомендации, направленные на предупреждение дальнейшей политической напряженности. Эти выводы позволяют глубже понять эволюцию политических процессов в Казахстане и их влияние на стабильность и демократизацию государства.

**Ключевые слова:** Казахстан, Январское событие, политический кризис, демонстрации, митинг, ограничительные меры.

## **НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР**

Зерттеу көрсеткендей, 2019 және 2022 жылдар аралығындағы басшылық пен қоғамдық сананың өзгеруінен туындаған әлеуметтік-саяси өзгерістер 2022 жылдың қаңтар айындағы наразылықтарда шарықтау шегіне жеткен негізгі жағдайларды жасады. Бұл өзгерістер билікті қайта құрылымдауды да, саяси ашықтық пен әлеуметтік әділеттілікке деген қоғамдық үміттердің артуын да көрсетті. Саяси тоқырау өсіп келе жатқан экономикалық теңсіздіктермен, жұмыссыздықтың өсуімен және шешілмеген әлеуметтік мәселелермен бірге протекционистік көңіл-күйге ықпал ету және үкіметке қарсы көңіл-күйді күшейту арқылы қоғамдық наразылықты маргиналды топтар арасында күшейтті.

Мақалада Қазақстанның саяси дамуы үкіметтің мемлекеттік бақылауды қоғамның елеулі қатысуымен теңестіру қабілетіне едәуір дәрежеде тәуелді болады деген тұжырым жасалады. Ашықтықты, жауаптылықты және инклюзивтілікті арттыруға бағытталған реформалар болашақ тәртіпсіздіктердің алдын алу және тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін маңызды болады. Мемлекеттік институттар мен азаматтық қоғам арасындағы ашық диалог қоғамдық сенімді қалпына келтіруде, ұзақ мерзімді саяси қатысуға ықпал етуде және демократияландыру процесін ілгерілетуде шешуші рөл атқарады. Бұл тұжырымдар тұрақты саяси даму туындайтын мәселелерді тиімді шешу үшін мемлекеттік органдар мен жұртшылық арасындағы ынтымақтастықты қажет ететінін атап өтіп, өзгеретін қоғамдық қажеттіліктер мен үміттерге бейімделетін басқарудың маңыздылығын көрсетеді.

## **КІРІСПЕ**

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің үшінші онжылдығы елдің саяси жылнамасында алуан түрлі қоғамдық-саяси оқиғалар желісінен тұрды. Адам құқығы мәселелері, сот шешіміне наразылық, инфляцияның жоғары көрсеткіші, экономикалық тұрақсыздық себебінен ұзаққа созылған стихиялы демонстрациялар, митингілер, тәртіпсіздіктер елдің қоғамдық-саяси күн тәртібіне тұрақты енді. Қазақстан қоғамында бұрын-соңды болмаған мұндай толқыныстар, қарсылықтар, наразылық акциялары елдегі саяси-экономикалық, әлеуметтік мәселелердің пісіп-жетіле бастағанын көрсетті. Осы арада, «бұрын-соңды болмаған» деген сөз тіркесіне аса мән беруіміз керек. Шындығында, қазақ ұлтының жеке дара ұлт болып қалыптасу жылнамасында ел билігіне қарсы көтеріліс, қандай да бір саяси-экономикалық талаптар қою тәжірибесі мүлдем болып көрген емес. Қарсылық, наразылықтар тек көтерілістер формасында сыртқы басқыншыға қарсы елді біріктіретін. Ел ішіндегі дау-дамайлардың барлығы әділдігімен танылған билердің алдында шешімін тауып, іштен тұрақты өмір салтын өзгерту, ықпал ету қозғалыстары болмағандығын тарихи деректерден оқи аламыз. Билікке саяси, әлеуметтік, экономикалық талаптар қою демократиялық құндылықтармен бірге келген тәжірибе болғандықтан қазіргі Қазақстан тарихында оны өз алдына бір құбылыс ретінде қарау, бақылау, табиғатын тану арнайы зерттеуді қажет етеді.

Осы ретте, мемлекет пен қоғамды сілкінткен, осыған дейін қамту және жайылу көлемі жағынан Қазақстан тарихында еш болып көрмеген, алдыңғы қоғамдық-саяси оқиғалар динамикасының шарықтау шегі «Қаңтар оқиғасын» жақындатқан тікелей және жанама алғышарттарды қарастыруды жөн санадық.

Соңғы жылдарда мемлекет пен қоғам арасын әртүрлі конфликттермен ширықтыра түскен қоғамдық-саяси ахуалдың негізгі үш категориясын атап көрсетуге болады. Олар билік үшін ішкі күрес, әлеуметтік-экономикалық мәселелер және саяси факторлар.

1. Билік үшін ішкі күрес. Қазақстанды 30 жыл бойына билеген Нұрсұлтан Назарбаевтың отставкасынан кейін, оның орнына Қасым-Жомарт Тоқаев Президент болады. Биліктің ауысуына қарамастан бұрынғы Президенттің саяси ықпалының сақталуы белгілі бір тұрақсыздықтарға себепші болды. Билік құрылымдарының ауыса бастауы әртүрлі билік институттарының үстінен билігін сақтап қалғысы келетін тараптардың билік үшін күресімен жалғасты.

## 2. Әлеуметтік-экономикалық мәселелер.

Елдегі төмен жалақы мен халықты әлеуметтік қорғаудың төменгі деңгейі, несиелік қарызы өтелмеген тұрғындардың үлесінің артуы, елдегі жоғары инфляциялық көрсеткіштер, шетелдік автокөлік иелерінің мәселелері, микрокредиттік ұйымдардың заңсыз жұмыстары және т.б.

## 3. Саяси факторлар.

Қазақстан Республикасында өткен митингтердің белгілі бір бөлігі билік тарапынан қабылданған саяси-стратегиялық шешімдер мен саяси іс-шаралардың нәтижелері немесе қорытындыларымен қоғамдық белсенділердің келіспеушілігінен туындап отырды.

Бұлай категорияға бөлу, олардың белгілі бір уақыт шеңберінде кезең-кезеңмен іске қосылды дегенді білдірмейді, Қазақстандағы толқыныстардың ерекшелігі де сол, әрбір қарсылық акциясы бірден бірнеше талап-тілектердің жиынтығы десе болады.

## ҒЫЛЫМИ ӘДЕБИЕТТЕРГЕ ШОЛУ

Әлеуметтік-саяси процестер мен наразылық қозғалыстары тақырыбындағы ғылыми әдебиеттерге шолу саяси өзгерістерді, қоғамдық жұмылдыру мен мемлекеттің реакциясын қалыптастыратын факторлар туралы маңызды мәліметтер береді. Халықаралық зерттеулерде Ч.Тилли [1, б.30] және С. Тарроу [2, б.69] сияқты ғалымдар наразылықтарды жұмылдырудағы саяси мүмкіндіктер, экономикалық реніштер мен ұжымдық сәйкестілік құрылымдарының рөлін атап өтіп, даулы саясаттың динамикасын зерттейді. Бұл жұмыстар мемлекеттік қуғын-сүргін мен саяси тұрақсыздыққа жауап ретінде әлеуметтік қозғалыстардың қалай пайда болатынын көрсетеді және бұл мәліметтер Қазақстандағы наразылық динамикасын талдауға қолданылады.

С.Хантингтон [3, б.55] демократияландыру процестерін және өтпелі мемлекеттердегі саяси реформалардың қиындықтарын түсінуге теориялық негіз береді. Оның саяси тәртіп пен тәртіпсіздік туралы идеялары әсіресе 2019 жылдан бастап Қазақстандағы басшылықтың ауысуы үшін өзекті, өйткені мемлекет тұрақтылықты сақтауға ұмтылды, ал реформалардың қоғамдық талаптары өсті. Сол сияқты, Г.Гиллдің [4, б.23] соңғы еңбектерінің бірінен революциялар мен террорды пайдалану арасындағы күрделі байланысты қарастыратын мағыналы зерттеуінен құнды мәліметтер аламыз және революциялардың қалай дамып жатқанын және зорлық-зомбылықтың сөзсіз элемент екенін түсіну үшін маңызды. Ол тарихи мысалдар туралы ғана емес, сонымен қатар бұл сабақтардың қазіргі саяси қайта құруларға қалай қолданылатыны туралы түсінік береді.

## ЗЕРТТЕУ ӘДІСНАМАСЫ

Зерттеу Қазақстандағы 2022 жылғы «Қаңтар оқиғасы» оқиғаларының себептерін, алдыңғы шарттары мен динамикасын шынайы және жан-жақты зерделеуге мүмкіндік беретін сапалы және сандық талдау әдістерінің үйлесіміне негізделеді. Бұл әдістерді таңдау наразылық белсенділігінің статистикалық аспектілерін де, қоғамдық көңіл-күйдегі терең сапалық өзгерістерді де қамту қажеттілігімен негізделген.

Құрылымдық талдау және жүйелеу әдістері күрделі әлеуметтік-саяси оқиғаларды құрамдас бөліктерге бөлу арқылы зерттеуді одан әрі күшейтеді, олардың өзара байланысы бойынша жүйелі түрде талдауға болады. Құрылымдық талдау, мысалы, наразылық топтарының ұйымы мен стратегияларын зерттейді, бұл факторлар олардың тиімділігіне немесе шектеулеріне қалай ықпал ететінін көрсетеді.

Зерттеу құрылымдық талдауға, жүйелеу, индукция және дедукция әдістеріне сүйенді. Сандық әдістерге Armed Conflict Location and Event data Project (ACLED), Qantar 2022 және басқа тәуелсіз аналитикалық құрылымдар сияқты ұйымдар ұсынған статистиканы өңдеу және талдау кірді. Бұл әдістер наразылықтардың жиілігі, ауқымы және географиясы сияқты наразылық әрекеттерін көрсететін сандық заңдылықтарды анықтауға мүмкіндік берді.

Сапалы әдістер, атап айтқанда мазмұнды талдау, бақылау наразылық қозғалыстарының мотивтерін, құндылық бағдарларын және эмоционалды факторларын түсінуге мүмкіндік берді. БАҚ материалдары мен әлеуметтік желілердің контент-талдауы наразылық белсенділігіне тән негізгі тақырыптар мен көңіл-күйлерді анықтауға мүмкіндік берді, ал оқиғаларды бақылау олардың нақты уақыттағы дамуын бағалауға мүмкіндік берді.

Мақалада Қазақстандағы наразылық акциялары ең жиі ұйымдастырылған 2019-2022 жылдардағы кезеңдегі қоғамдық-саяси жағдай бойынша деректер сандық және сапалық талдау әдістеріне сүйене отырып тұжырым жасалды. Сандық және сапалық әдістер қоғамдық тәртіпсіздікке ықпал ететін факторлар туралы құрылымдық, деректерге негізделген перспективаны қамтамасыз ететін талдаудың негізін құрайды. Негізгі дерек көздері Қазақстандағы әлеуметтік-саяси динамиканың теңгерімді көрінісін, қорытындылардың үкіметтік есептерден тыс әртүрлі перспективаларға негізделгенін қамтамасыз ететін тәуелсіз аналитикалық ұйымдарды қамтиды. Деректер жинауда тәуелсіз аналитикалық талдау ұйымдарының мәліметтері негізге алынып, соның негізінде ой қорытындыланып, пайымдалды.

Зерттеу 2019 жылдан 2022 жылға дейінгі кезеңді қамтиды, бұл кезде Қазақстанда наразылық көңіл-күйінің үдемелі өсуі байқалып, 2022 жылдың қаңтарында шарықтау шегіне жетті. Географиялық тұрғыдан талдау Қазақстанның Алматы, Астана, Шымкент қалалары, сондай-ақ Маңғыстау, Ақтөбе және Жамбыл облыстары сияқты негізгі аймақтарына аударылды. Бұл аймақтар елдің әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайындағы маңыздылығына, сондай-ақ кезеңдегі жоғары наразылық белсенділігіне байланысты таңдалды.

Деректердің негізгі көздері статистикалық есептер (мысалы, Қазақстан прокуратурасы мен тәуелсіз талдау ұйымдарының деректері), ACLED материалдары және Qantar 2022 сияқты еріктілер топтарының есептері болды. Үкімет құжаттары, БАҚ деректері пайдаланылды. Деректер ресми дереккөздерге де, тәуелсіз пікірлерге де негізделген құрылымдық және теңдестірілген талдауға мүмкіндік берді.

Деректерді талдау бірнеше кезеңдерде жүргізілді. Бірінші кезеңде наразылықтар туралы олардың жиілігі, формалары, географиясы мен масштабы туралы сандық мәліметтер жиналды. Бұл деректер заңдылықтар мен динамиканы анықтау мақсатында статистикалық өңдеуден өтті. Екінші кезеңде сапалы талдау жүргізілді. Мазмұнды талдау және тақы контент-талдау әдістерін қолдану маңызды элемент болды, бұл наразылық сезімдеріндегі негізгі тенденцияларды бөліп көрсетуге мүмкіндік берді. Үшінші кезең алынған мәліметтерді түсіндіруді, оларды жүйелеуді және қорытындыларды құруды қамтиды.

Аралас әдістемені таңдау объективті экономикалық және саяси факторларды, сондай-ақ субъективті қоғамдық көңіл-күйді қамтитын зерттелетін мәселенің күрделілігіне байланысты. Сандық әдістер наразылықтардың ауқымы мен қарқындылығын талдау үшін қажетті статистикалық негізді қамтамасыз етті, ал сапалы әдістер наразылық әрекетінің негізінде жатқан мотивациялық факторларды тереңірек түсінуге жол ашты.

Осылайша, сандық және сапалық деректерді кешенді талдауға негізделген аралас тәсілді қолдану Қазақстандағы 2019-2022 жылдардағы наразылық қозғалыстарының себептері мен динамикасын тұтас түсінуге қол жеткізуге, сондай-ақ қоғамдағы шиеленісті төмендету және болашақта осындай оқиғалардың алдын алу бойынша ғылыми негізделген ұсынымдар беруге мүмкіндік берді.

## **ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ**

Қазақстандағы наразылық акцияларының тарихын зерделейтін болсақ қоғамдық-саяси процестерге жойқын және тегеурінді ықпал еткен, мемлекеттік және қоғамдық құрылыстардың өзгеруіне әкелген «Қаңтар оқиғасының» себептері мен оның алғышарттарын талдау арқылы протесттік қозғалыстың даму заңдылығын және мемлекет пен қоғам арасындағы қарым-қатынастың кейбір көзге көріне бермейтін қырларын анықтай аламыз. Қаңтар оқиғасы қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық және саяси мәселелер туындататын наразылық

көңіл-күйдің нәтижесі ретінде республика азаматтарының басым көпшілігіне тән революциялыққа жақын ұстаным болуымен ерекшеленеді. Өйткені, мұндай көлемді наразылық акциясының эволюциясы бір күндік немесе бір апталық болмайтыны белгілі. Сол себепті, оны белгілі бір уақыт арасында жетілетін қоғамдық-саяси процестердің даму және шиеленісу тарихы ретінде қараймыз. Біздің ойымызша, бұл уақыт аралығы елдің саяси күн тәртібі наразылық акцияларының серпінді және стихиялы дамуымен толған 2019-2022 жылдарды қамтиды. Әрі қарай, «Қаңтар оқиғасының» қарсаңындағы қоғамдық-саяси толқулардың динамикасы мен географиясына назар аудару қажеттілігі туындайды.

**«Қаңтар оқиғасының» қарсаңындағы Қазақстандағы наразылық акцияларының динамикасы мен географиясы.**

2022 жылғы қаңтардың алғашқы күндерінде Қазақстан облыстарындағы тәртіпсіздікке ұласқан митингілер әлем елдерінің назарын бірден өзіне аударады. Сыртқы бақылаушы үшін үнемі тұрақты болып келген Қазақстанда мұндай жағдайдың орын алуы таңғаларлықтай көрінуі мүмкін. Алайда соңғы жылдардағы статистикалық көрсеткіштерді қарасақ, сөзсіз пікіріміз өзгертінді айқын. Айта кету керек, Қазақстандағы демонстрациялар мен митингтердің статистикалық деректерін ресми ақпарат көздерінен табу қиындау немесе олардан бірнеше есе төмендетілген есептік көрсеткіштерді кездестіруге болады. Сол себепті, 2019-2022 жылдар аралығындағы елдегі қоғамдық-саяси ахуал туралы ақпаратты дәлірек Armed Conflict Location and Event Data Project (ACLED), Central Asian Bureau for Analytical Reporting халықаралық ұйымы ұсынған мәліметіне, Қаңтар оқиғасына қатысты кешенді ақпараттық-талдаумен шұғылданушы Qantar 2022 волонтерлік қозғалысының зерттеулеріне сүйендік.

Мәселен, құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының порталындағы ҚР Прокуратурасының «Тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар» туралы №1-М есебіне талдау жүргізіп көрдік [5] (1 кесте).

1 кесте – Қылмыстық құқық бұзушылық туралы құзырлы органның есебі

№	Қылмыстық құқық бұзушылық түрі	2019	2020	2021	2022
1.	Жиналыс, митинг, демонстрация, шеру, пикет ұйымдастыруға, өткізуге немесе оларға қатысуға кедергі жасау (155 бап)	73	73	73	73
2.	Адамның және азаматтың тең құқықтылығын бұзу (145 бап)	63	63	63	63

Көріп тұрғанымыздай, порталдағы деректер мен алынған кезеңдегі шынайы ахуал арасында корреляция жүргізу қиын. Сол себепті, порталдағы деректер жаңартылмаған деген қорытынды жасауға болады. Елде бейбіт шерулерді өткізуге кедергілер саны әлдеқайда көп болуы керек деп санаймыз.

Сонымен, 2019 жыл Қазақстан үшін маңызды әрі тағдыршешті оқиғаларға толы болды. Елдің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өзінен өкілеттігін тапсырғаннан кейін республикада азаматтық және саяси белсенділік бірден артады. Ел тұрғындары тарапынан ұйымдастырылған әр түрлі көлемдегі наразылық акциялары экономикалық, әлеуметтік және саяси сұрақтарды көтереді.

ACLED-тің мәліметі бойынша 2019 жылдың 1 қаңтарынан 2022 жылдың 7 қаңтарына дейін Қазақстанда әртүрлі формадағы наразылық акцияларымен байланысты 2 904 іс-шара өткен. Оның ішінде 2 кестеде көрсетілгендей, басым бөлігі бейбіт шерулер түрінде

ұйымдастырылған. 2019 жылдан 2022 жылға дейін республикада 2591 наразылық акциясы өткен болса, оның 77,5%, яғни 2249-ы бейбіт митингтер [6].

2 кесте - 2019-2022 жж. аралығында Қазақстанда өткен наразылық акцияларымен байланысты шаралардың саны

№	Протест түрлері	Саны
1.	Ұрыс-шайқастар	4
2.	Наразылық акциялары	2561
3.	Тәртіпсіздіктер	121
4.	Стратегиялық оқиғалар	49
5.	Бейбіт тұрғындарға қарсы зорлық-зомбылық	166
6.	Барлығы	2901

Әрі қарай, Қазақстанда 2019-2022 жылдар аралығында өткен наразылық акцияларын түріне және жылдар бөлінісі бойынша динамикасына талдау жасалды. Талдау нәтижесінде біз қарастырып отырған кезең аралығы елдегі қоғамдық-саяси ахуалдың кернеулігі артып, билік пен қоғам арасындағы күрделі қарым-қатынастың қалыптасқан аралық ретінде тану тұжырымымызды дәлелдей түседі (3 кесте):

3 кесте – 2019-2022 жылдардағы наразылық акцияларының саны жылдарға бөлінісіне қарай

№	Протест түрлері	2019	2020	2021	2022	Барлығы
1.	Ұрыс-шайқастар	4				4
2.	Наразылықтар	572	834	1066	92	2564
3.	Тәртіпсіздіктер	26	60	26	9	121


Кестеге қарайтын болсақ, наразылық акцияларының саны 2019 жылдан 2021 жылға дейін прогрессивті түрде өскен. 2022 жылы «Қаңтар оқиғасынан» кейін наразылық акциялары толастайды.

2019 жылдан бастап билікке деген қарсылық қарқын алады да 2020 жылы ол үдей түседі, ал 2021 жылы шарықтау шегіне жетеді. 2022 жылы қоғамдық-саяси ахуал өзінің шыңына жеткені белгілі. Жыл басталмай жатып 5-6 күн ішінде 102 наразылық акциялары болып өткен деуге болады. Қаңтар оқиғасынан кейін наразылық акциялары бірден нөлдік деңгейге түсті. Ішінара тәртіпсіздікке ұласатын наразылық акцияларының динамикасы сөзсіз елдегі әлеуметтік-экономикалық теңгерімсіздіктің тікелей нәтижесі деп болжауға болады.

Әрі қарай, алынған мерзім ішінде наразылық акцияларының географиясына назар салып көрелік. ACLED-тің деректер базасына сәйкес, Қазақстанда наразылық акциялары Алматы, Астана, Шымкент қалалары мен Алматы, Маңғыстау және Ақтөбе облыстарында жиі өтеді. 2019-2022 жж. кезең бойынша Алматыда 473 жағдай немесе жалпы республикалық жиынтықтың 18%-ы осы жерде тіркелген. Алматы қаласы Қазақстанның экономикалық және мәдени-тарихи орталығы саналғандықтан да мұндағы наразылық акцияларының көптігін билікке қарсы оппозиция өкілдері, белсенділер, азаматтық қоғам өкілдері, интеллигенция, шетелдік және отандық БАҚ және басқа да наразылық катализаторы бола алатын тараптардың орналасуымен түсіндіруге болады. Алматының елдің қоғамдық-саяси күн тәртібін айқындаушылық мүмкіндігі сол себепті де айтарлықтай жоғары. Азаматтарының санасы саясиленгендіктен наразылық акциялары бірден масштабталады және елдің басқа өңірлеріне жайылу жылдамдығы жоғары.

Келесі кезекте, екінші орынға елдің ордасы Астана қаласы 361 наразылық акциясымен немесе жалпы массадан 14%-бен жайғасқан. Әрі қарай, үшінші орынды 258 наразылық акциясымен Маңғыстау облысы алады. Шымкент қаласы (213 наразылық акциясы) және Ақтөбе облыстары да (210 наразылық акциясы) наразылық акциялары жиі ұйымдас-тырылатын өңірлердің қатарына кіреді [7] (1 диаграмма).

**1 диаграмма. 2019-2022 жж. аралығындағы кезең бойынша Қазақстан қалалары мен облыстарындағы наразылық акцияларының динамикасы.**



Егер наразылық акцияларын түріне қарай талдап көретін болсақ, Жамбыл және Алматы облыстарында тәртіпсіздік және көтеріліс формасындағы қарсылықтар жиі болған. Оған, 2020 жылы Жамбыл облысы Қордай ауданы Масаншы және Сарытөбе ауылдарында дұнғандар тұратын ауылды қаруланған адамдардың басып алуы, Алматы облысында 2019-2021 жж. автохтонды ұлт пен ұйғыр, шешен этностары арасында болған ұлтаралық жанжалдарды айтсақ болады.

Қазақстандағы наразылық акцияларының табиғатын, даму тенденциясын аша түсетін тағы бір маңызды көрсеткіш елде митинг уақыттарында мемлекеттік органдардың әлеуметтік желілерді, белгілі бір ақпараттық порталдардың қызметін шектеу немесе блоктау әрекетінің тарихын бағамдау болып табылады. Елдегі шектеусіз интернет қозғалысын құрушы Internet Freedom тәуелсіз ұйымының шатдаундар мен шектеулер есебі назар салуға тұрарлық. Ақпарат елдегі наразылық акцияларының тенденциясын анықтауға қосымша дерек көзі бола алады.


Елдегі интернет бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілер наразылық акцияларының катализаторы ролін атқарып, қоғамның бір мәселе төңірегінде жылдам мобилизациялануына, наразылық акциялар, демонстрациялар үшін координация қызметін атқарып келеді.

Қазақстандағы шатдаун тәжірибесі аталған мәселенің алдын алуға, ақпараттық алаңды қорғау үшін енгізілгені белгілі. Сонымен, Қазақстан Республикасында интернет сайттарды, әлеуметтік желілерді шектеу немесе іс-әрекетін блоктау қызметін қазіргі таңда бірнеше құзырлы органдар жүзеге асыра алады. Оның ішінде негізгі операторлары ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі мен сот. Бастапқыда шатдаун соттың шешімі арқылы ғана жүзеге асырылып келген болса, қазіргі таңда бірнеше құзырлы орган өзіне қатысты салада бұл



қызметті орындай алады. Келесі 2-ші диаграммада наразылық акциялары қарсаңында және кейін ақпараттық алаңды бақылауда ұстау үшін жиі қолданылатын себептердің бірі «Көрінеу жалған ақпарат тарату» бабы бойынша интернет ресурстар қызметін шектеу саны назарға алынды [8].


**2 – диаграмма. 2020-2023 жж. аралығында «Көрінеу жалған ақпарат тарату» құқық бұзушылық фактісі бойынша шектелген интернет ресурстардың динамикасы.**



Диаграммой «Көрінеу жалған ақпарат тарату» бабының қолданылу жиілігін, тенденциясын анық көруге болады. Кестені талдайтын болсақ, «көрінеу жалған ақпарат тарату» бабы бойынша 2020 жылы – 2, 2021 жылы – 8, 2022 жылы – 26, 2023 жылы – 33 рет шектеулер жүзеге асырылды. «Көрінеу жалған ақпарат тарату» бабы - қоғамдық-саяси ахуалды тұрақсыздандыру, мемлекеттік органдарға тұрғындардың сенімін әлсірету және басқа да интернет іс-әрекеттерге байланысты қолданылатынын атап өту керек.

«БАҚ-ты қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтар жасау мақсатында пайдалану» бабын жоғарыда аталғандай (3 диаграмма) саяси мәні бар іс-әрекеттерді шектеу үшін қолданыла алады [8].

**3 – диаграмма. «БАҚ-ты қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтар жасау мақсатында пайдалану» категориясы бойынша интернет ресурстарының шектелу көрсеткіші.**



Еске сала кету керек, екі жағдайда да ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі интернетті шектеуді жүзеге асырған. Оның ішінде, 2020 жылы – 12, 2021 жылы – 2, 2022 жылы – 13, 2023 жылы – 20 рет шектеу іс-әрекеттері жүзеге асырылған. Бұл деректер өзінің бастапқы мақсатында қолданылса құба-құп, ал егер демократиялық принциптерді бұза отырып орындалған болса оның мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуына тек теріс салдарын ғана болжауға болады.

Интернетті шектеу қызметінің тенденциясы Қазақстандағы наразылық акцияларының, демонстрациялар мен митингтер санының өсуі, яғни қоғамдық-саяси жағдайдың елде шиеленісе түскен шағында белсенді қолданылып бастағандығын және одан кейінгі кезеңде де қолданыстан түспегенін көре аламыз. Біздің пікірімізше, Қазақстанда интернет ресурстарды

шектеу амалы бұдан әріде тәжірибеден түспейді деген ойдамыз. Тек елдің ақпараттық белсенділік алаңын қадағалау әкімшісінің ролы әскери-полициялық органнан мәдениет және ақпарат министрлігі секілді азаматтық негіздегі құрылымға берілуі демократиялық жағымды үрдіс деп бағалауға болады.

Қазақстанда интернет кеңістікті шектеу амалдары 2020-2023 жылдары күшейтілуі біз қарастырып отырған кезеңдегі елдегі қоғамдық-саяси фонның жағымсыз өрісте дамуын тағы бір дәлелдейді және «Қаңтар оқиғасының» қарсаңында құзырлы органдарға үздіксіз сигналдың түскендігін көрсетеді.

Өкінішке орай, осы аралық елдің келешегі үшін нақты шешімдер қабылданатын маңызды кезең болғанымен мемлекеттік бірыңғай шектеулер мен қадағалаулардың асыра пайдалануы, қоғамдық пікір мен мінез-құлықты зерттеу ұйымдарының жұмысындағы болжау және талдау қызметіндегі кемшіліктердің орын алғандығымен белгілі болып отыр.

### ТАЛҚЫЛАУ

Зерттеуіміздің осы бөлігінде Қазақстандағы 2019-2022 жылдар аралығы ел тарихындағы ең резонансты, қоғамдық көңіл-күйдің асқынған формасына айналды деген көзқарасты тұжырымдай білдік деп санаймыз. «Қаңтар оқиғасы» - аяқасты туындай қалған наразылық акциясы емес, қоғамдық-саяси үрдістің дамуының шарықтауы, қарсылық пен наразылықтың формациялық өзгеріске түсуін білдіретін, айқын белгілері бар құбылыс деп атай аламыз.

#### ***2019-2022 жылдардағы Қазақстандағы наразылық акцияларының негізгі алғышарттары мен себептері.***

Қазақстандағы наразылық акцияларының ұйымдасу мотивтері, географиясы, қамту көлемі мен жайылу ерекшеліктерін қарайтын болсақ процес ашық, алғышарттары алдын ала белгілі, психологиясы айқын жүріп отырған деуге болады. Бейбіт митингтер өткізуге азаматтардың тарапынан түскен өтініштердің мазмұны, елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдай, билікке деген сенім кредиті, ашықтық, демократиялық құндылықтар сақталмаған, әділеттілік категориялары, жұмыссыздық параметрлері төмендеген кезде бас көтерулер жиілегенін байқауға болады. Сонымен, «Қаңтар оқиғасы» секілді елдің тәуелсіздігіне, тұрақтылығына қауіп төндіретін факторларды алдын ала болжауға болар еді деп пайымдауға болады. Ол үшін жоғары да көрсетілген мотивтердің графадағы индикаторлары нақты күнін айта алмаса да, қауіпті нүктеге жақын қалғандығын білдіре алады.

Егер 2015-тен бастап 2024 жыл аралығындағы Қазақстандағы инфляция көлемін бағамдайтын болсақ, ол 2019 жылдан 4,90%-дан бастап 2022 жылға қарай 20,40%-ға дейін тұрақты көтеріліп отырғандығын көреміз [9] (4 кесте).

4 кесте – 2016-2024 жылдар аралығында Қазақстандағы инфляция көрсеткіші

Кезең	Инфляция (%)	Өзгеруі (%)
2024	4,80	-5,20
2023	10,10	-9,90
2022	20,40	+12,40
2021	8,40	
2020	7,50	+2,50
2019	4,90	
2018	5,43	-1,57
2017	7,22	-0,78
2016	8,29	-5,71

Азық-түлік және тұтыну тауарларына бағаның қымбатшылығы Қазақстан азаматтары тарапынан теріс қабылданатын сезімтал мәселелердің біріне айналды. Азық-түлік және

тұтыну тауарларына бағаның соңғы он жылдықта үнемі жоғары көрсеткіштерге жетуі «Қаңтар оқиғасын» жақындатқан бірден-бір себеп болғандығын көрдік.

Әлеуметтік-экономикалық мәселелердің бірі, тұрғындардың әл-ауқатына ықпал ететін жұмыссыздық деңгейінің көрсеткіші Қазақстанда соңғы онжылдықта үнемі төмендеп отырған. Яғни, жұмыссыз тұрғындардың үлесі елдегі қоғамдық-саяси ахуалға теріс ықпал жасай алатын деңгейде емес деп тұжырым жасауға болады. Мысалы, 2018 жылы жұмыссыздар 4,9-4,8%, 2019 жылы 4,8%, 2020 жылы 5,0-4,9% арасы, 2021 жылы 4,9%, 2022 жылы 4,9-4,8% арасы, 2023 жылы 4,7% дейін төмендеген [10]. Дегенмен, 2019-2022 жылдардағы кезеңде митингті өткізушілер тарапынан бірде-бір жұмыссыздыққа байланысты талап қойылмағандығын еске алуымыз керек. Тек төмен жалақы мен әлеуметтік осал топтағы азаматтарды қолдаудың құралдарына байланысты сауалдар қойылған. Демек, ресми дерек көздері жұмыссыздықтың санына қарағанда жалақы көлемі мен осал топтағы азаматтардың қорғалуы секілді параметрлерге баса көңіл аударғаны жөн. Яғни, жалақы көлемінің елдегі қымбатшылыққа ілесе алмауы басты мәселе болып отыр.

Қазақстан азаматтарының протесттік белсенділігінің мөлшері, даму көзі, бағыты елдегі әлеуметтік-экономикалық, саяси қатынастардың күйімен пропорционал деуге болады. Мұндай сезімталдылықтың өсуі, сөз жоқ елдің өтпелі кезеңді басынан кешіруімен, көптеген мәдени құндылықтардың, элементтердің, қоғамдық-саяси институттардың әлі де орнықтауынан, сайып келгенде тұтас мемлекеттің қалыптасып болмағандығымен байланыстыруға болады.

#### ***Елдегі наразылық акцияларының саяси мотивтері.***

Елдегі протесттік көңіл-күйдің бұрын-соңды болмаған жоғары магнитудасы 2022 жылдың 2 қаңтарында тіркелді. Қаңтар оқиғасы кейін «қасіретті қаңтар» деген атау алған ел тарихындағы жойқын, басқару, реттеу тетіктеріне бағынусыз қалған қайғылы оқиға таралу және қамту көлемі жағынан билік пен қоғам арасындағы ең ірі қақтығыс болып саналады. Қаңтар оқиғасы өзіне дейінгі протесттік көңіл-күйдің жинақталуы мен қуатталуынан пайда болған, бойында саяси, экономикалық, әлеуметтік мәселелер қамтылған қоғамдық реакция. Барлығына белгілі, оның эпицентрі Маңғыстау облысында экономикалық сұрақтарға қатысты бастау алады да, кейін наразылық акциясына саяси, экономикалық, әлеуметтік талаптар қосылып, орталығы Алматы қаласына ауысты. Ал оқиғаның амплитудасы барлық ел көлеміне жайылады. Оқиғаның басты себебі сұйылтылған газға бағаның күрт өсуі мұнайлы өлке тұрғындарының қарсылығына тап болады.

Кіріспе бөлімде елдегі наразылық акцияларына тікелей немесе жанама әсер етуші факторларды атаған болатынбыз. Соның бірі, билік үшін ішкі күрес бейресми «қосбиліктің» [10] пайда болуына байланысты қалыптасқан құбылыс болатын. Алайда ол латентті түрде қоғамдық-саяси процестерге ықпал жасап отырды. Оның анық жарыққа шығуы қаңтар оқиғасында көрінді. Нәтижесінде қаңтар оқиғасынан соң бірнеше лауазымды тұлғалар «қызметін асыра пайдалану», «елдің конституциялық құрылысын күшпен өзгертуге әрекеттену» қылмыстық баптарына сәйкес жазасын өтеуге кесілді. Бұл туралы Президент Қ.Тоқаев 2024 жылдың 3 қаңтарында «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұқбатында: «Шынында да қос билік үлгісін енгізу әрекеттері болды, олар шоғырландырылған және ұйымдастырылған. «Билік транзитінің» қазіргі саяси жағдайында саяси манипуляторлар биліктің параллель орталығын қалыптастырды. Біздің елімізде Президент пен Жоғарғы Бас қолбасшы, сондай-ақ экс-президент өкілдік ететін Қауіпсіздік Кеңесінің төрағасы болды. Бұл, сайып келгенде, билік қақтығысына алып келмеуі мүмкін емес еді. Толығырақ айтайын: бұл жағдай қаңтардағы дағдарыс алғышарттарының біріне айналды» [11] - деп атап өткен болатын. Президенттің мәлімдемесі «Қаңтар оқиғасы» тек экономикалық мәселелердің түйіні ғана емес, сонымен бірге саяси ахуалдың терең мәнге ие болғандығын көрсетеді. Келесі кезекте, қарастырып отырған кезеңде елдегі наразылық көңіл-күйге түрткі болған саяси процестерді қарастыратын боламыз. Қазақстандағы стихиялы түрдегі саяси және әлеуметтік-экономикалық наразы-

лықтар уақыт шеңберінде 2019 жылдан басталды деген тұжырымымызды бекітіп алған соң, оқиғаның өрбуіне себеп болған саяси мотивтерге тоқталайық.

Елдегі қиын экономикалық жағдайды сипаттайтын және оның бірден-бір көрсеткіші 2019 жылдың 4 ақпанында Астана қаласының жеке тұрғын үй массивінде шағын үйде болған төтенше жағдайды Қазақстандағы стихиялы түрде өрбіген саяси наразылықтардың даму нүктесі ретінде қарастыруымыз керек. Өрт болған жерден бес бірдей балалардың мүрдесі табылады. Кейін белгілі болғандай ата-анасы балаларды үйіне қалдырып, жұмысқа кеткен кезде қайғылы оқиға орын алған. Жаңалықтан соң әлеуметтік желіде билікке қарсы негативті пікірлер дауылы циркуляцияланып, қоғамдық көңіл-күйді аяныш сезімдері әділдік, жауапкершілік, қауіпсіздік мәселелерінен бастап жауапты саяси қызметшілердің жауапкершілігін қарау секілді саяси талаптарға дейін ойысады. Бұл эмоционалды көңіл-күйдің артуына себепші болған, қоғамдық құлықтың билікке қарсы теріс қуатталуының, кейін салдары ұзақ уақыт бойына сақталған төтенше жағдай еді.

Қазақстанда 2019-2022 жылдар аралығында болып өткен протесттерді Африка мемлекеттері Тунис пен Египеттегі төңкерістермен салыстырып, оқиғаның хронологиялық өрбуі, мотивтері және басқа да ортақ ұқсастықтарын атап өтуге болады. Аталған екі елде де ұзаққа созылған протесттерге түрткі болған жәйлар: бірінде жеміс-жидек сатушының полицияға наразылық білдіріп өзін-өзі өртеуі болса, екіншісінде де осы оқиға қайталанып студент ұзақ уақыт бойы елді билеген Хосни Мубаракқа қарсы елдің Парламенті ғимаратының алдында үстіне бензин құйып, өртке оралады. Екі елде де массалық протестердің нәтижесінде Президенттері отставкаға кетіп, митингтер тоқтайды. Келесі зерттеулерімізде бұл елдердегі саяси тәртіптер мен Қазақстандағы саяси жүйелердің арасындағы ұқсастықтарды, протесттік көңіл-күйдің дамуын зерделейтін боламыз.

Әрі қарай Қазақстандағы оқиға желісін баяндайтын болсақ, 2019 жылдың 19 наурызында ешкім ойламаған жерден Тұңғыш Президент өкілеттігінің тоқтайтынын хабарлайды. Биліктің ауысуы елдегі қоғамдық-саяси ахуалға өзінің әсерін тигізбей қоймады. Тұңғыш Президенттің ізбасары Қ.Тоқаев билікке келген соң елдегі ахуалға әсер еткен екі хабарлама жасайды. Осымен байланысты, келесі қоғамдық-саяси кеңістіктегі жарықшақ, Астана қаласының атауын «Нұр-Сұлтан» деп ауыстыруды ұсынудан соң пайда болса, екіншісі, кезекті Президент сайлауының мерзімі жарияланғаннан кейін орын алады.

2019 жылдың 22 наурызында Шымкент қаласында Астана қаласының атауын ауыстыруға қарсы рұқсат етілмеген наразылық акциясы өтеді. Ал 2019 жылдың 21 сәуірінде Алматы қаласында дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келген марафонда белсенділер тарапынан «От правды не убежишь» лозунгісі жазылған баннері ілінеді. Ақпарат құралдарында вирусты таралған лозунг маусым айында өткізілуі жоспарланған Президент сайлауын әділ өтуіне нұсқаған болатын. Акцияны ұйымдастырушылар тұтқындалғаннан кейін ел көлемінде белсенділерді қолдаған рұқсат етілмеген митингтердің ошақтары прогрессивті түрде өседі. Нәтижесінде маусымдағы Президент сайлауында тәуелсіз бақылаушылардың саны өсіп, сайлау күні қоғамдық кернеулік артады.

Қазақстандағы сериялы түрде жалғасқан наразылық акцияларының келесі толқыны заңды түрде тіркеуден өтпеген Қазақстанның демократиялық партиясының лидері Жанболат Мамай 2020 жылдың қаңтарында сот залында тұтқынға алынғаннан кейін жанданады.

Сонымен, Қазақстандағы соңғы бес жылдағы саяси наразылықтардың басты себебі саяси, экономикалық, әлеуметтік проблемалардың күрделі сабақтастығы деуге толық негіз бар.

## **ҚОРЫТЫНДЫ**

Қаңтар оқиғасының алғышарттары мен оның себебін іздеп, бірнеше жылдың көлеміндегі қоғамдық-саяси оқиғалардың ізіне шолу жасауымыз мәселенің тамыры тереңде жатқанын, оның оқыс бір жағдаяттардың салдары емес, бірнеше жылдарға созылған күрделі қоғамдық процестердің жиынтығы деген қорытындыға келдік. Сонымен бірге, демократиялық жүйеге

негізделген саяси жүйе өз бетімен іштей жаңару процесін бастамаса, оны күшпен өзгерту талпыныстары жасалатындығын, басы ашық мәселелер билік институттарында, өкілді орган қабырғаларында айтылып, талқыланбаса оның көшеде айқаймен айтылатындығын көрсетіп берді. Қайғылы қаңтар елдегі демократиялық құндылықтардың, әлеуметтік саясаттың, экономикалық теңгерімділіктің тоқырауға ұшырағандығын, солай халықтың билікке деген сенім кредитінің төмендеп кеткенінің көрсеткіші дей аламыз.

Наразылық акцияларының табиғатына мән беретін болсақ, экономика, әлеуметтік салалардағы мәселелер бойынша қарсылықтар аяқасты, жедел ұйымдастырылмайтындығы назарымызға ілінді. Ол белгілі бір уақыт аясында қоғам эмоциясының жинақталып барып білінетіндігін тәжірибе көрсетіп отыр. Ал саяси тақырыптағы мәселелердің наразылық акциясына айналу кезеңін нақты болжау қиын. Ұлттық намысқа тиетін, азаматтардың ар-ожданына нұқсан келтіретін, руханиятпен байланысты проблемалар тым эмоционалды, таралу қарқыны жылдам болатындығын көріп отырмыз. Ондай мәселелер қауырт және лезде таралу сипатына ие, сәйкесінше олардың саяси жанжалдарға ұласу қаупін әркез күтуге болады. Сонымен бірге, қаңтар оқиғасы көрсеткендей, мұндай эмоцияға толы қоғамдық қозғалыстарды үшінші тараптардың пайдаланып кету, саяси мақсатта қолдану мүмкіндігі жоғары. Сол үшін, прокаторлардың саяси ойынының құрбанына айналмас үшін мемлекетте, қоғамда қырағылық танытуы керек деп ойлаймыз. Шынтуайтында, Қазақстандық қоғамдағы азаматтардың топтық санасының ерекшеліктерін зерттеу уақыт еншісіндегі шаруалар. Осыған орай, Қазақстандағы жанжалдардың табиғатын, психологиясын зерделеу, түсіну жұмыстары үздіксіз жүйелі түрде жүргізілуі тиіс деп санаймыз.

Демонстрациялар, митингтер, наразылық акциялар азаматтардың дауыс білдіруінің эмоциямен тамырласқан ең жоғары формасы болып табылатындықтан мұндай қоғамдық-саяси процестердің шығу тегіне, түбіріне, даму динамикасына жіті көңіл бөлінуі тиіс. Мұндай қарсылықтардың бас көтеруінің өзі қоғамның өмір-тіршілігін ұйымдастыру, реттеуде осыған дейін жеткілікті маңыз берілмеген қандай да бір өзекті мәселелердің жинақталғандығын білдіреді.

Қаңтар оқиғасын оқиғалық желі бойынша сипаттау мақала көлеміне және біздің зерттеуіміздің мақсатына кірмейді, сондай-ақ, қайғылы қаңтарға қатысты осы күнге дейін құзырлы органдар тарапынан оқиғаны тергеп-тексеру нәтижелері әлі жарияланбағандықтан елдегі наразылық акцияларының туындау себептерін, кейбір түйткілді мәселелерін пайымдап, ұсыныс пікір қалыптастырылды.

Біріншіден, Қазақстандағы наразылық демонстрациялары, наразылық білдіру мәдениеті қалыптасу үстіндегі процес. Демократиялық тәсілдермен мемлекеттік билікке тұрғындардың өтініш-тілегін білдіру, жеткізудің бейбіт митинг, демонстрация түріндегі әдістері мемлекеттік органдар тарапынан қауіпті үрдіс, тұрақтылыққа қарсы шабуылдай бағаланса, наразылық акцияларының өткізілуінің өзі үнемі тәртіпсіздікке ұласып жатады. Дауыс білдірудің мұндай тәсілі демократиялық қағидаларға сай өтуі үшін де екі тараптың мәдениеті, құндылықтар жүйесі өзгеруі тиіс.

Екіншіден, қарсылық білдіру мәдениетін көтеру мақсатында наразылық акцияларын модельдеу артық болмас еді. Жоспарлы түрде әр түрлі кәсіподақ, денсаулық, білім саласының, жастар мәселесі секілді тақырыптарда бейбіт митингтерді ұйымдастыру қоғамдық мінез-құлыққа оң ықпал жасай алады. Мұндай шаралар, көрші елдердегі тәртіпсіздікке ұласатын наразылықтардың елге импортталуының алдын алады және елдегі демократиялық құндылықтардың құқықтық негізін бекемдей түсері анық.

Үшіншіден, мемлекетте ашықтық, әділдік, құқықтық басқару жүйесін жетілдіре беру қажет. Мемлекеттік құпияларды қоспағанда туындауы мүмкін мәселелер бойынша алдын ала тұрғындарға хабарлама, түсіндіру жұмыстарын жүргізу маңызды. Мысалы, бірнеше митингтерге себеп болған ресейлік номерлі автомобильдерді заңдастыру әрекеттері қоғамда ажиотаж тудырғаны белгілі.

Төртіншіден, құзырлы органдар болжамды түрде тұрғындардың наразылығын тудыруы мүмкін мәселелердің тізімін жасақтауы қажет. Мысалы, қазақ тілі мәселесі қазіргі таңда әлеуметтік желіде циркуляцияланып, қуатталуда. Мәселе реттелмесе жақын келешекте оның да митингтердің сұрағына айналу мүмкіндігі жоғары. Сондай-ақ, азаматтардың әл-ауқаты, өмір сүру сапасы, несиелік қарызға бату және басқа да көрсеткіштері үнемі сараптауды, олардың өсу шегіне белгілі индикаторлар белгілеп, бақылап отыруды қажет етеді.

Бесіншіден, қоғамдағы кернеулікті тудырып отырған мәселенің бірі жергілікті билік органдарына түскен белсенді азаматтардың бейбіт шеру өткізу өтініштеріне үнемі қанағаттанарлықсыз жауаптың берілуі теріс эмоциялардың жинақтала берілуіне түрткі болып отыр. Жергілікті биліктің үнемі секемшіл, қауіптену ұстанымы бұдан былай өзгеруі тиіс. Қоғамдық сана қоғамдық мәселелерге назар салып, араласа бастағанда өсетіне белгілі. Оның тұрмыстық деңгейде қалып қоюы мемлекеттің өзі үшін қауіпті.

#### Әдебиеттер:

1. Tilly C. *Regimes and Repertoires*. – Chicago: University of Chicago Press, 2006. – 240 p.
2. Tarrow S. *Power in Movement: Social Movements and Contentious Politics (3rd ed.)*. – Cambridge: Cambridge University Press, 2011. – 352 p.
3. Huntington S. P. *The Third Wave: Democratization in the Late Twentieth Century*. – Norman: University of Oklahoma Press, 1991. – 366 p.
4. Gill G. *Revolution and Terror*. – Oxford: OUP Oxford, 2023. – 305 p.
5. ҚР Прокуратурасының «Тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар» туралы № 1-М есебі [Электрондық ресурс]. – URL: <https://qamqor.gov.kz/crimestat/statistics> (қаралған күні: 19.08.2024).
6. Анализ протестов в Казахстане за 2019–2022 годы [Электронный ресурс]. – URL: <https://cabar.asia/ru/analiz-protestov-v-kazahstane-za-2019-2022-gody> (дата обращения: 19.08.2024).
7. *Armed Conflict Location and Event Data Project (ACLED)* [Electronic resource]. – URL: <https://acleddata.com/> (accessed on: 21.08.2024).
8. *Statistics of registry restrictions. Use of mass media for committing criminal and administrative offenses. Internet Freedom* [Electronic resource]. – URL: <https://ifkz.org/en/restriction/statistics?country> (accessed on: 19.08.2024).
9. Кризис роста: как менялась инфляция в Казахстане [Электронный ресурс]. – URL: <https://lsm.kz/kak-menyalas-inflyaciya-v-kazahstane-infografika> (дата обращения: 19.08.2024).
10. Зарина Адилханова. Уровень безработицы в Казахстане. Альтернативный подсчет. Аналитическая записка [Электронный ресурс]. – URL: <https://nationalbank.kz/file/download/96433> (дата обращения: 22.09.2024).
11. Қасым-Жомарт Тоқаев: Біз озық ойлы ұлт ретінде тек қана алға қарауымыз керек [Электрондық ресурс]. – URL: <https://egemen.kz/article/355466-qasym-zhomart-toqayev-biz-ozuq-ouly-ult-retinde-tek-qana-algha-qarauymyz-kerek> (қаралған күні: 29.09.2024).

#### References:

- 1 Tilly C. *Regimes and Repertoires*. – Chicago: University of Chicago Press, 2006. – 240 r.
- 2 Tarrow S. *Power in Movement: Social Movements and Contentious Politics (3rd ed.)*. – Cambridge: Cambridge University Press, 2011. – 352 r.
- 3 Huntington S.P. *The Third Wave: Democratization in the Late Twentieth Century*. – Norman: University of Oklahoma Press, 1991. – 366 r.
- 4 Gill G. *Revolution and Terror*. – Oxford: OUP Oxford, 2023. – 305 r.

5 QR Prokwratwrasının «Tirkelgen qılmıstıq quıqıq buzushılıqtar» turalı № 1-M esebi. [Elektronlıq resurs]. – URL: <https://qamqor.gov.kz/crimestat/statistics> (qaralğan kuni: 19.08.2024)

6 Analiz protestov v Kazahstane za 2019-2022 gody. [Elektronnyy resurs]. – URL: <https://cabar.asia/ru/analiz-protestov-v-kazahstane-za-2019-2022-gody> (data obrashhenija: 19.08.2024)

7 Armed Conflict Location and Event Data Project (ACLED). [Electronic resource]. – URL: <https://acleddata.com/> (accessed on: 21.08.2024).

8 Statistics of registry restrictions. Use of mass media for committing criminal and administrative offenses. Internet Freedom. [Electronic resource]. – URL: <https://ifkz.org/en/restriction/statistics?country> (accessed on: 19.08.2024)

9 Krizis rosta: kak menjalas' infljacija v Kazahstane. [Elektronnyy resurs]. – URL: <https://lsm.kz/kak-menyalas-inflyaciya-v-kazahstane-infografika> (data obrashhenija: 19.08.2024)

10 Zarina Adilhanova. Uroven' bezraborticy v kazahstane. Al'ternativnyj podschet. Analiticheskaja zapiska. [Elektronnyy resurs]. – URL: <https://nationalbank.kz/file/download/96433> (data obrashhenija: 19.08.2024)

11 Qasym-Jomart Toqayev: Biz ozıq oyly ult retinde tek qana alga qaraumız kerek. [Elektronlıq resurs]. – URL: <https://egemen.kz/article/355466-qasym-zhomart-toqayev-biz-ozyq-oyly-ult-retinde-tek-qana-algha-qaraumyz-kerek> (qaralğan kuni: 19.08.2024)

SRSTI: 11.25.31

DOI: 10.51889/2959-6270.2024.88.4.002

Tilep B.<sup>1</sup>, Simtikov Z.<sup>1\*</sup>, Sadyrova A.<sup>2</sup>

<sup>1, 2</sup> Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Republic of Kazakhstan

<sup>2</sup> Caspian University, Almaty, Republic of Kazakhstan

\* [zhomart-67@mail.ru](mailto:zhomart-67@mail.ru)

## FEATURES OF REFLECTING THE QUALITY OF LIFE IN SOME CIS COUNTRIES IN DIGITAL FORMAT

### Abstract

The article presents the evolution of the concept of quality of life. The author's definition of this category is given. The transition to the concept of digital quality of life is justified. The emergence of a new human social quality, which is called Homo informaticus by the authors, is justified. It is postulated that this quality, provided it is properly developed, provides a person in a modern digital society with a decent quality of life and allows them to achieve a decent standard of living. A comparative analysis of the digital quality of life in the countries of the Commonwealth of Independent States on the main key parameters is carried out on the statistical material of the Interstate Statistical Committee of the CIS. Conclusion dwells upon the fact that there is a digital inequality, which is a new type of social inequality generated by the digital society. Such inequality is intertwined with traditional types of social inequality, primarily income inequality, but is not completely reduced to the existence of poverty. It is postulated that the key cause of digital inequality is digital illiteracy, which puts people in a marginal position with regard to access to the benefits of human civilization in modern society.

**Keywords:** CIS, Internet, digital quality of life, digital inequality, digital poverty, digitalization of education, Internet technology.